**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**
**2024-2025 оқу жылы**
**ақпан 1 апта**

**Білім беру ұйымы:**С.Сейфуллин атындығы ЖББМ шағын орталық
**Тобы:** «Ботақан » ортаңғы топ
**Балалардың жасы:**3 жас
***Жоспардың құрулы кезеңі*** 03.02.-07.02.2025 жыл
**Бір тұтас тәрбие бағдарламасы аясында «Жасампаздық және жаңашылдық »айы**
**Апта дәйексөзі:** « Жасампаздық- бәрімізге өнеге »

| Күн тәртібінің кезеңдері | Дүйсенбі 03.02,.2025 | Сейсенбі 04.02.2025 | Сәрсенбі 05.02..2025 | Бейсенбі 06.02.2025 | Жұма 07.02.2025 |
| --- | --- | --- | --- | --- | --- |
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көтерiңкi көңілді муызкамен қарсы алу.Балалардың үйде немен айналысқанын , бүгінгі көңіл күйін сұрау<br><br>Ұлттық құндылықтарды қалыптастыру<br>**ҚР Гимн орындау**<br>**«Күй күмбірі» - «Әсем қоңыр» (шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалды іс әрекет)**<br><br>**Асық ату»** ойыны **(коммуникативтік, әлеуметтік эмоционалды, физикалық іс әркет)** | Балаға көңіл бөліп, оның үйде немен айналысқанын, көңіл-күйін сұрау. Егер бала мазасызданса, оны жұбату, қолдау көрсету<br><br>Ұлттық құндылықтарды қалыптастыру<br><br>**«Күй күмбірі» - ««Әсем қоңыр»» (шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалды іс әрекет)**<br><br>**Ұлттық құндылықты дәріптеу**<br><br>**«Ұлттық киімдер»**:<br>Балаларға қазақтың ұлттық киімдері туралы айтып, | Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрау. Баланы шкафқа киімін шешуге көмек көрсету<br><br>Ұлттық құндылықтарды қалыптастыру<br><br>«Бес тас» ойыны **(коммуникативтік, танымдық және зияткерлік іс әрекет)**<br><br>**«Күй күмбірі» - «Әсем қоңыр» (шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалды іс әрекет)**<br><br>балалардың музыканы | Балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Баланың өзімен қатар балалармен байланыс жасауына көмек көрсету.<br><br>Ұлттық құндылықтарды қалыптастыру<br><br>**«Күй күмбірі» -«Әсем қоңыр» (шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалды іс әрекет)**<br><br>балалардың музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру | Әр баланы күлімсіреп, есімімен атап қарсы алу, Бұл балаға өзін ерекше сезінуге мүмкіндік беру.<br><br>Ұлттық құндылықтарды қалыптастыру<br><br>**««Ақсерек пен Көксерек»** ойыны **(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционал-ды,физикалық іс әркет)**<br><br>**«Күй күмбірі» - «Әсем қоңыр» (шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалды іс әрекет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды, физикалық іс әркет)**<br><br>балалардың музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, кадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру | суреттер көрсету. Киімдерді көрсетіп, олардың маңызын түсіндіру. | эмоционады қабылдауды, түсінуді, кадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру | | балалардың музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, кадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқада заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | **"Бала тілінің дамуы: неге мән беру керек?"**<br>**Мақсаты:**<br>Баланың сөйлеу қабілетін дамытудағы ата-ананың рөлін түсіндіру.<br>Үйде тілдік дамытушы ортаны ұйымдастыру жолдарын қарастыру.<br><br>.Ата-анамен консультация | **"Баланың ұсақ моторикасын дамыту"**<br>**Мақсаты:**<br>Саусақ моторикасының маңызын түсіндіру.<br>Баланың қол бұлшықеттерін дамытуға көмектесетін ойындармен таныстыру.<br>**Талқыланатын мәселелер:**<br>Ұсақ моторика мен сөйлеу арасындағы байланыс.<br>Саусақ жаттығулары мен пластилин, ермексаз, қиынды қағазбен жұмыс жасау.<br>Үйде қолдануға болатын қарапайым әдістер.<br><br>Ата-анамен консультация | **"Баланы эмоциялық тұрақтылыққа үйрету"**<br>**Мақсаты:**<br>Баланың эмоцияларын түсінуге көмектесу.<br>Баланың қорқынышын, күйзелісін, агрессиясын басқару жолдарын талқылау.<br>**Талқыланатын мәселелер:**<br>Баланың эмоцияларын дұрыс қабылдау.<br>Жағымды эмоциялар тудыратын әдістер.<br><br>Ата-анамен консультация | **"Баланың қозғалыс белсенділігі: денсаулық кепілі"**<br>**Мақсаты:**<br>Баланың қимыл-қозғалыс белсенділігінің маңызын түсіндіру. Үй жағдайында қимылдық ойындарды ұйымдастыру жолдарын қарастыру.<br>**Талқыланатын мәселелер:**<br>Қимыл-қозғалыстың физикалық және психологиялық маңызы.<br>Баланы дұрыс отыруға, жүруге, жүгіруге үйрету.<br><br>Ата-анамен консультация<br>**Өнегелі 15 минут** | **"Баланың әлеуметтік дағдыларын дамыту"**<br>**Мақсаты:**<br>Баланың басқа балалармен қарым-қатынас орнату дағдыларын дамыту.<br>Достық, ынтымақтастық, кезекпен ойнау дағдыларын үйрету жолдарын көрсету.<br>**Талқыланатын мәселелер:**<br>Баланың өз ойларын жеткізуі және топпен жұмыс істеуі.<br>Қақтығыстарды дұрыс шешуге көмектесу.<br><br>Ата-анамен консультация |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, эксперимент, кітаптар қарау және өзіне-өзі қызмет ету, тағы басқа іс-әрекеттер)** | **Үстел үсті ойыны: «Жоғалған зат» Мақсаты**: балалардың есте сақтауының дамуына жағдай жасау**(коммуникативтік,әлеуметтік-эмоционалдық,іс-әрекет) Ойын барысы:** Үстелдің үстіне бірнеше зат қойылады. Бала оларға мұқият қарап алған соң, теріс қарап тұрады. Үстелден бір зат алып тасталынады. Бала қай заттың жоғалып кеткенін табу керек. Заттардың санын ақырындап өсіруге болады. **(коммуникативті,әлеуметтік-с-әрекет)** | **Үстел үсті ойыны: «Қайтала» сіріңке шиімен ұйымдастырылады Мақсаты**: балалардың ойлау қабілетін дамытуу **(коммуникативтік ,әлеуметтік-эмоционалдық,іс-әрекет)** .**Ойын барысы:** Бұл ойынды балалар жұптарымен ойнайды. Әр балаға сіріңкенің 6 шиінен беріледі. Екеуінің біреуі сол шилерден қандай да бір затты құрайды. Екіншісі бірнеше секунд көлемінде қарап алады да, оны қайтадан жасауға тырысады. **(коммуникативті, әлеуметтік-эмоционалдық-с-әрекет)** | **Үстел үсті ойыны: «Сөздер тізбегі» Мақсаты**: балалардың есте сақтауының дамуына жағдай жасауу**(коммуникативтік,әлеуметтік-эмоционалдық,іс-әрекет)** .**Ойын барысы:** Балалар шеңберге отырғызылады. Бірінші бала кез-келген бір заттың атын атайды. **Мысалы:** «ірімшік». Екіншісі алдыңғы айтылған сөзді атайды да, өзі бір сөз қосып айтады. Осылайша жалғаса береді. Әрбір келесі ойыншы алдында айтылған барлық сөзді ретімен атап шығады да, өзінің сөзін қосып отырады. Кім шатасады, сол ойыншы ойыннан шығадыу **(коммуникативтік,әлеуметтік-эмоционалдық, іс-әрекет)** | **Үстел үсті ойыны: «Есте сақта және тап» Мақсаты**: балалардың есте сақтау қабілетін дамытуу**(коммуникативтік,әлеуметтік-эмоционалдық,іс-әрекет)** .**Ойын барысы:** 3-4 карточкада берілген суреттерді есте сақтап, оларды атау қажет. Содан соң балалар сол бейнелерді 10-12 дана ұқсас суреттердің арасынан табу керек. Бұл жаттығуды андар бейнеленген суреттер және ойыншықтар бейнеленген суреттерді қолдануға болады. Ол үшін арнайы андар мен ойыншықтар бейнеленген суреттер кассасын пайдалануға болады. **(коммуникативтік,әлеу-меттік-эмоционалдық, шығармашылы іс-әрекет)** | **Үстел үсті ойыны: «Шатаспай есте сақта» Мақсаты:** балалардың есте сақтау қабілетін дамыту.у**(коммуникативтік,әлеуметтік-эмоционалдық,іс-әрекет)Ойын барысы:** Әр баланың алдына әртүрлі заттар бейнеленген 10-15 карточка қойылады (алма, троллейбус, шәйнек, ұшақ, қалам, машина, ат, әтеш т.б.) Бала алдындағы суреттен таңдаған соң, екінші сөз және ары қарай осылайша оқылады. суретті алып, есінде сақтауы қажет. Мысалы: өрт, зауыт, сиыр, орындық, әке, отыру, мейірімділік т.б. **(коммуникативтік ,әлеуметтік-эмоционалдық, шығармашылық іс-әрекет)** |

| | |
|---|---|
| **Ертеңгілік жаттығу** | **ТАҢҒЫ ЖАТТЫҒУ КЕШЕНІ № 1( ақпан айына арналған)**<br>**№ 12 /орамалмен, әуенмен/**<br>**Кіріспе бөлімі:**<br>**Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Шеңбер бойымен денені тік ұстап, адымдап жүру. «Үйректің балапаны» - кеудені алға қарай еңкейте отырып жүру. «Түйеқұс» - тізені жоғары көтере жүру.Шеңбер бойымен жай жүру.Шеңбер бойымен тұру. /шеңберге тұрарда себеттен бір орамалдан алу/**<br>**Негізгі бөлім:**<br>**Б.қ.: «Көбелек ұшты» Аяқтар алшақ қойылған, орамал бүйірде. басты оңнан – солға, солдан - оңға қарай айналдыру. /6 рет /**<br>**Б. қ.: «Көңілді орамал» Аяқ иық көлемінде, орамал иықта, иықты артқа –алдыға, төмен –жоғары қозғау. /6 рет қайталау/**<br>**Б.қ.: «Ғажайып кемпірқосақ» Аяқтар алшақ қойылған, орамал белде. орамалды оң - сол жаққа қисайту, әр ілген сайын «ғажайып» деп айту. / 6 рет қайталау./**<br>**Б.қ.: «Шапалақ» Аяқтарын алшақ қою, орамалды жанға созып, жоғары көтеріп алақан-ды соғу. «Шапалақ»- деп айту. /6 рет/**<br>**Б. қ.: «Орамалды ілу» Аяқтарын алшақ қойып, тізе бүгу. Орамал төменде. Орнынан тұрып, орамалды жоғары көтеріп, орамалды ілу қимылын жасау «ілдім» деп айту. /6 рет қайталау./**<br>**Тыныс алу жаттығулары: Шеңбер бойымен тұрып араның дыбысын салу (з-з-з), мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару..Бастапқы қалыпқа келу.**<br>**Қорытынды: Маршпен шеңбер бойы жүру./орамалды себетке салу/ Адымдап жүру. «Достар» - жұптасып жүгіру.**<br>**(коммуникативтік, әлеуметтік эмоционалды,физикалық іс-әрекет)** |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық**<br>**шаралар: Көркем сөз:**<br>Дымқылдап күнде сен,<br>Қолыңды сүйкесең.<br>Кетіп кір-ыласың,<br>Тап-таза боласың<br>**.(коммуникативтік**<br>**,әлеуметтік-эмоционалдық,іс-әрекет)**<br>**Гигиеналық шаралар:** Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу.<br>**Көркем сөз:** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Су, су менің бетімді жу.<br>**(коммуникативтік ,әлеуметтік-эмоционалдық,іс-әрекет)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке өткізуге дайындық** | **Саусақ жаттығуы: «Менің отбасым»**<br>Бас бармақ – ата<br>Сұқ саусақ – әже<br>Ортан терек – әке<br>Шылдыр шүмек – ана<br>Кішкене бөбек – мен<br>**(коммуникативтік ,әлеуметтік-эмоционалдық іс-әрекет)** | **Саусақ жаттығуы: «Достық» жаттығуы**<br>Біздің топта ұлдар мен қыздар өзара дос (қолдың саусақтары өзара бірігеді)<br>Кішкентай саусақтар біз сенімен достасамыз (екі қолдың саусақтарын бір-біріне тигізу)<br>Бір, екі, үш, төрт, бес… (шынашақтан бастап, саусақтарды кезекпен бір-біріне тигізу)<br>Қайтадан санауды бастаймыз.<br>Бір, екі, үш, төрт, бес..<br>Енді санауды аяқтадық<br>**(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалдық, іс-әрекет)** | **Саусақ жаттығуы: «Саусақтардың амандасуы»**<br>Бас бармақ өзінен басқа саусақтардың атын атап амандасады<br>- Сәлеметсің бе, Балаң үйрек!<br>- Сәлем, Ортан терек!<br>- Амансың ба, Шылдыр шүм<br>- Қалың қалай, Кішкене бөбе<br>(Бас бармақ кезекпен барлық саусақтарға ұшын тигізіп амандасады)<br>**(коммуникативтік,әлеумет к-эмоционалдық, әрекет)** | **Саусақ жаттығуы: «Гүл»**<br>Балалар қолдарын көтеріп, саусақтарын біріктіріп, жабылып тұрған гүлдердің бүршіктерін келтіреді.<br>Жайлап саусақтарын ашып, алақандарын жайып «гүлдің ашылғанын» көрсету.<br>Төмендегі тақпақты қайталау.<br>Міне, гүлдің бүршіктері,<br>Ашылады әдемі.<br>**(коммуникативтік ,әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | **Саусақ жаттығуы: «Көмекшілерге алғыс білдіру»**<br>- Рахмет саған, көздерім, сендер бәрін көресіңдер. (көзерін қолмен басу)<br>- Рахмет саған, құлақтарым, сендер бәрін естисіңдер. (құлақтарын ұстау)<br>- Рахмет саған, қолдарым, сендер бәрін істейсіңдер. (шапалақтау)<br>- Рахмет саған, аяқтарым енді, сендер топылдатып жүресіңдер.<br>**(коммуникативтік,әлеу еттік-эмоционалдық, іс-әрекет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | **Дене тәрбиесі**<br>**Тақырыбы:**<br>«Балақайға тосын сый»<br>**Мақсаты:**Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. Арбалар, автомобильдер, велосипедтер, доптар, шарлармен өзбетінше ойнауға ынталандыру **(коммуникативтік әлеуметтік-эмоционалдық, физикалық іс-әрекет)**.<br>**Ойын:** «Өз орыныңды жылдам тап» | **Музыка**<br>Педагог жоспары бойынша | **Дене тәрбиесі**<br>**Тақырыбы:** «Түрлі түсті текшелер»<br>**Мақсаты:**Өрмелеу, еңбектеу дағдыларын, ептілікті, жылдамдықты дамыту, қимылдарды мәнерлі орындауға баулу **(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалдық, физикалық,іс-әрекет)**.<br>**Ойын:** «Менің көңілді добым» | **Қазақ тілі**<br>Педагог жоспары бойынша | **Дене тәрбиесі**<br>**Тақырыбы:**<br>**Тақырыбы:**«Біздің қонағымыз – Қарлығаш есімді қуыршақ» (таза ауада)<br>**Мақсаты:**Дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының пайдасы туралы түсінік қалыптастыру<br>**(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалдық физикалық,іс-әрекет)**.<br>**Ойын:** «Үш аю» |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық-ойын жабдықтарын және спорттық керек-жарақтарды дұ[рыс] пайдалану туралы балалармен әңгімелесу.<br>Жүйелі киіну (ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау **(коммуникативтік,әлеуметтік-эмоционалдық,іс-әрекет)**<br>**«Біз киініп үйренеміз» әңгіме**<br>**Мақсаты:** балалардың тез, өз бетінше және белгілі бір ретпен серуендеу дағдыларын жетілдіру; заттарын шкафта дұ[рыс] орналастыруға үйрету.<br>**«Дұрыс-бұрыс» ойыны**<br>Шарты: бірінші кезекте шалбар емес, бас киім кисе не болады? Ал егер алдымен етік, содан кейін шалбар кисе ше? Ал егер жемпір шалбарға салынбаса ше? Ауырып қалмас үшін дұрыс ретпен киіну керек! **(коммуникативтік,әлеуметтік-эмоционалдық,іс-әрекет) Өзіне-өзі қызмет көрсету** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | **Серуен картотекасы №1**<br>**Мұзды бақылау және эксперимент**<br>**Мақсаты**: Мұзды бақылау арқылы оның қатайып, еріп кетуін түсіндіру.<br>**Іс-шара**: Мұз кесектерін алып, оларды бақылауға қоямыз. Балалар мұздың еріп жатқанын көріп, оны қолмен ұстап, еріп жатқанын сезінуі тиіс.<br>**Тәжірибе**: Мұздың жедел еруіне қалай әсер ететінін көру үшін, әртүрлі температуралық жағдайларда (жылы және салқын жерде) мұзды салыстыру.<br>**Нұсқаулық**: "Мұзды ұстап көрейік! Ол қандай сезімде? Ол қалай еріп кетеді?"<br>**(коммуникативтік, физикалық,әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | **Серуен картотекасы №2**<br>**Бақылау:** Аспанды бақылау<br>Қыстағы аспанның түсі, бұлттардың қар жауып тұрған кездегі көрінісі.<br>**Еңбек әрекеті:** Аулада қарды тегістеу<br>Балаларға кішкене құралдар беріледі, олар қарды тегістеп, алаң жасайды.<br>**Қысқы ойын:** «Қарлы лабиринт»<br>Балалар қарда салынған жолдармен жүріп, лабиринттен өтеді.<br>**Тәжірибе:** «Мұзға түсті су құю»<br>Мұзға түрлі-түсті су құйып, оның мұзбен байланысын бақылау.<br>**(коммуникативтік, физикалық,әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | **Серуен картотекасы №3. Мұздың қасиеттерін зерттеу (Эксперимент)**<br>**Мақсаты:** Мұздың табиғ қасиеттерін зерттеп, суық туралы түсінік қалыптастыру.<br>**Іс-әрекет:**<br>Балалар мұздың қатты екенін ұстап көреді, жарыққа қарағанда оның түсін бақылайды.<br>Мұзды қолдарында ұстап ерітеді.<br>**Бақылау:**<br>Мұздың құрылымын қарау: «Мұз мөлдір ме? Қандай түстер көрінеді?»<br>**Эксперимент:**<br>Мұзды жылы және суық жерге қою арқылы оның қалай еритінін бақылау.<br>**Ойын:**<br>**«Мұз кристалдары»**: Мұздан пішіндер жасап, оларды жарыққа қарау.<br>**(коммуникативтік, физикалық,әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | **Серуен картотекасы №4 Қарды бақылау және жинау**<br>**Мақсаты**: Қарды бақылау арқылы табиғаттың ерекшеліктерін түсіндіру және еңбекке баулу.<br>**Іс-шара**: Балаларға қардың қалай түсетінін және қалай жиналатынын көрсету. Олар қарды жинап, әртүрлі заттарға (қорап, шелектарға) салып, пішіндер жасауға тырысады.<br>**Тәжірибе**: Балалар қардың текстурасын, салмағын сезінеді. Оларға қардың түрлі қасиеттері туралы айту: қар жұмсақ, жұмыртқаны сияқты жұмсарық, ал кейде қатты болады.<br>**Нұсқаулық**: "Қарды жина көрейік! Қандай болып көрінеді?"<br>**(коммуникативтік, физикалық,әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | **Серуен картотекасы №5**<br>**Қысқы ағаштарды бақылау (Бақылау, еңбек ету)**<br>**Мақсаты:** Ағаштардың қысқы күйін зерттеп, табиғатты тануға баулу.<br>**Іс-әрекет:**<br>Ағаштардың түрлерін бақылау: «Бұл ағаш қандай? Оның бұтақтар қалай орналасқан?»<br>Ағаштардың жапырағы жоқ екенін түсіндіру.<br>Ағаш түбін қардан тазалау.<br>**Бақылау:**<br>Ағаштардың биіктігін, бұтақтарын қарап, сипаттау.<br>**Эксперимент:**<br>Ағаш қабығын ұстап, оның суық немесе жылы екенін анықтау.<br>**Ойын:**<br>**«Ағашты таны»**:<br>Балалар кезекпен ағашт сипап сезіп, оның түрін анықтайды<br>**(коммуникативтік, физикалық,** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | **әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдер өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет).** | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық шаралар:** Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану:<br>«Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу»<br>**Кезекшілердің жұмысы**: ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою)<br>**Тамақтану** (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айту)<br>**(коммуникативтік, әлеуметтік эмоционалды іс әрекет)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Маркировка бойынша балалар өз орындарын тауып жатады<br><br>Ұйқыға арналған әуен аудио-ертегі **«Алтын сақа»** | **Әуенмен тыныштандыру**<br><br>Балалардың эмоцияларын реттеу және олардың ағзасын қалпына келтіру.<br><br>Жеңіл әуендер тыңдап, балаларға бірқалыпты тыныс алуға көмектесетін музыканы тыңдату. | Маркировка бойынша балалар өз орындарын тауып жатады<br><br>**«Бесік жырын»** тыңдату | **Әуенмен тыныштандыру**<br><br>Балалардың эмоцияларын реттеу және олардың ағзасын қалпына келтіру.<br><br>**«Қарлығаш пен тырна»** ертегісін оқып беру | Маркировка бойынша балалар өз орындарын тауып жатады<br><br>**«Жақсы жатып, жайлы тұр!»** |
| **Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары** | **Түскі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары**<br>**Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету**<br>Шомылған баланы,<br>Аймалап алады.<br>Сүртеді қолынды,<br>Сүртеді жонынды.**(коммуникативтік,әлеуметтік-эмоционалдық,іс-әрекет** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Бесін ас** | **Гигеналық шараларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар). Балалардың назарын тағамға аудару, мәдениетті тамақтануға баулу**<br>Ас мәзірімен таныстыру. Бір-біріне кедергі жасамай мәдениетті отыруға баулу, балалардың назарын тағамға аудару.<br>**«Бата айтып», «Ас қайтаруды» үйрету (коммуникативтік, әлеуметтік эмоционалды іс әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық ұлттық, сюжеттік-рөлдік, үстел үсті-басп және басқа ойындар) бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары** | **«Менің көйлегім»**<br>**Мақсаты:** Балалардың сөздік қорын: киім, аяқкиім, заттардың түсін, көлемін, пішінін, дәмін білдіретін сын есімдермен байыту.<br>**(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалдық,іс-әрекет)**<br>**Дидактикалық ойын: «Қай мезгілде киеміз»**<br>**Мақсаты**: Балалардың жыл мезгілдері туралы түсініктерін кеңейту, жыл мезгілдеріне сійкес келетін киім атауларымен таныстыру, сөздік қорларын молайтып, ауыз екі сойлеуге баулу.<br>**«Қолғап»**<br>**Мақсаты:** Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру. | **«Тозбайтұғын киім жоқ» өлеңіА.Шаяхмет**<br>**Мақсаты:**Балаларды педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру.<br>Тозбайтұғын киім жоқ,Азбайтұғын бұйым жоқ,<br>Ерімейтін киім жоқ,<br>Бұзылмайтын тәтті жоқ.<br>**(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалдық,іс-әрекет)Дидактикалық ойын:**<br>**«Қай мезгілде киеміз»**<br>**Мақсаты**: Балалардың жыл мезгілдері туралы түсініктерін кеңейту, жыл мезгілдеріне сійкес келетін киім атауларымен таныстыру, сөздік қорларын молайтып, ауыз екі сойлеуге баулу.<br>Құрал- жабдықтары:<br>Жыл мезгілдері бейнеленген суреттер | **«Қысқы киімдер»**<br>**Мақсаты:** Балаларға қалыі киімдерін кигізіп, дала жануарларының жүрісін салңызу<br>**.(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалдық,іс-әрекет)**<br>**«Етік» өлеңіА.Асылбек**<br>**Мақсаты:** Балаларды педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру.<br>Дүкеншіден інігe,<br>Әкепті аға етікті.<br>Кең деп көнбей тіліне,<br>Кимей, ойнап кетіпті.<br>**(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалдық,іс-әрекет)**<br>**Жүру**. Әртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен, колдарын әртүрлі қалыпта ұстап, бір-бірінің қолдарынан ұстап, аяқтың ұшымен | **«Әдемі көйлек»**<br>**Мақсаты:**Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою.**(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалдық,іс-әрекет)**<br>**Дидактикалық ойын: «Қай мезгілде киеміз»**<br>**Мақсаты**: Балалардың жыл мезгілдері туралы түсініктерін кеңейту, жыл мезгілдеріне сійкес келетін киім атауларымен таныстыру, сөздік қорларын молайтып, ауыз екі сойлеуге баулу.<br>Құрал- жабдықтары:<br>Жыл мезгілдері бейнеленген суреттер және жыл мезгілдеріне байланысты киімдердің суреттері.<br>**(коммуникативтік,** | **«Қолғап» Ә.Дүйсенбиев**<br>**Мақсаты:** Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою.<br>Жоғалыпты қолғабым,<br>Тыз-тыз етті қолдарым.<br>Сорып аяз тастады,<br>Естен кетпес тоңғаным.<br>**(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалдық,іс-әрекет)**<br>**«Шарф»**<br>**Мақсаты:**Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру.<br>**(коммуникативтік, шығармашылық ,іс-әрекет)**<br>**«Әжемнің орамалы»**<br>**Мақсаты:**ересектер салған суретті |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Кесектерді біріктіру арқылы қолғап суретін мүсіндеу. **(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалдық,шығармашылық,іс-әрекет)**<br>**«Қолғап»**<br>**Мақсаты**: Белгілі бір ережелерді орындау: дұрыс отыру, қағазды умаждамау, қаламды тарсылдатпау, **(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалдық,шығармашылық,іс-әрекет)** | және жыл мезгілдеріне байланысты киімдердің суреттері..**(коммуникативтік, физикалық, әлеуметтік-эмоционалдық, іс-әрекет)**<br>**«Бас киім»**<br>**Мақсаты:**Ересектермен бірлескен әрекеттерге қызығушылықты ояту. Дайын суретті жасауға үйрету **(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалдық, шығармашылықіс-әрекет)**<br>**«Бас киім»**<br>**Мақсаты:**Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру. Кесектерді біріктіру баскиімнің суретін мүсіндеу**(коммуникативтік, шығармашылық ,іс-әрекет)**. | жүру.**(коммуникативтік, физикалық, әлеуметтік-эмоционалдық, іс-әрекет)**<br><br>**«Менің жейдем »**<br>**Мақсаты:**Ересектермен бірлескен әрекеттерге қызығушылықты ояту. Дайын суретті бояту. **(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалдық, шығармашылықіс-әрекет)** | **Танымдық-зияткерлік ,іс-әрекет)**<br>**«Етік»**<br>**Мақсаты:**Кеңістік қатынастарды түсіну, құрылыс масштабына сәйкес сюжеттік Ойыншықтарды құрастыру **.(коммуникативтік ,шығармашылық ,іс-әрекет)**<br>**Тақырыбы: «Етік** »<br>**Мақсаты**: қағаз бетіне қойып, құрастыруға, кескінді конструктивті тәсілмен жасауға үйрету. **(коммуникативтік ,шығармашылық әлеуметтік-эмоционалдық, іс-әрекет)** | толықтыру. Автобус суретін толық бояту. **(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалдық ,шығармашылық,іс-әрекет)**<br>**Тақырыбы: «Мен қыстыгүні не киемін»**<br>**Мақсаты:**Балалардың табиғат пен табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын Қалыптастыру **.(коммуникативтік,танымдық-зияткерлік ,іс-әрекет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалармен жеке жұмыс** | Кәусармен ұсақ қол моторикасын дамыту. **(коммуникативтік,әлеуметтік-эмоционалдық, іс-әрекет**. | Сезіммен ермексазды есіп пішіндер жасатуға үйрету..**(коммуникативтік,шығармашылық, іс-әрекет)** | Рамазанмен суретті дұрыстап бояуды үйрету. **(коммуникативтік, шығармашылық, іс-әрекет)** | Томириспен ұсақ қол моторикасын дамыту **(коммуникативтіктанымдық-зияткерлік іс-әрекет)** | Балалармен тыныс алу жаттығуын жасату. .**(коммуникативтік,әлеуметтік-эмоционалдық,іс-әрекет)** |
| **Серуенге дайындық** | **Серуенге қызығушылықты арттыру. «Киімді қалай киюге болады?» әңгіме**<br>Киімдердің тазалығын сақтау қажет. Киінгенде киімнің түймесінің дұрыс қадап, көйлекті шалбардың немесе юбканың ішіне салынғанын қадағалау керек. Шұлықтың, аяқ киімнің оң киілуіне баса назар аудару керек. .**(коммуникативтік,әлеуметтік-эмоционалдық,іс-әрекет** | | | | |
| **Серуен** | **Серуен картотекасы №6**<br>**Бақылау:** Қардың жаууын бақылау<br>Қардың қалай жерге түсетінін, үлпек қарлардың пішіндерін қарастыру.<br>**Еңбек әрекеті:** Қарды жинау<br>Балаларға шағын күрек беріліп, ауладағы қарды белгілі бір жерге жинау тапсырмасы беріледі.<br>**Қысқы ойын:** «Қарды кім алысқа лақтырады?»<br>Балалар қар түйіршігін жасап, оны алысқа лақтыруға жарысады.<br>**Тәжірибе:** «Қардың астындағы не бар?»<br>Балалар қардың | **Серуен картотекасы №7**<br>**Жануарлардың іздерін іздеу**<br>**Мақсаты**: Қысқы табиғаттағы жануарлардың іздерін табуға үйрету және оларды бақылау.<br>**Іс-шара**: Балалар қысқы серуен кезінде жануарлардың іздерін (қоян, түлкі, құстар) іздейді. Қандай іздер тапқанын және оларды қалай тануға болатынын түсіндіреді.<br>**Тәжірибе**: Балалар жануарлардың іздерімен танысып, олардың қайда баруы мүмкін екенін | **Серуен картотекасы №8**<br>**Бақылау:** Қардың үстіндегі іздер<br>Ауладағы немесе жолдағы адамдар мен жануарлардың іздерін бақылау.<br>**Еңбек әрекеті:** Қардан ойын алаңын жасау<br>Балалар бірге қарды жинап, оны тегістеп ойын алаңын дайындайды.<br>**Қысқы ойын:** «Қарлы шарлар»<br>Балалар қарды допқа айналдырып, онымен ойнайды.<br>**Тәжірибе:** «Суықтың әсері»<br>Қарды жылы бөлмеге | **Серуен картотекасы №9**<br>**Қар мүсіндерін жасау және желді бақылау**<br>**Мақсаты:**<br>Шығармашылық қабілеттерін дамыту, желдің қасиеттерін түсіну.<br>**Еңбек:**<br>Балалар топ болып қардан әртүрлі мүсіндер (адам, жануарлар) жасайды.<br>**Эксперимент:**<br>Желдің күшін анықтау үшін жеңіл заттарды (қағаз, қар) үрлеп көру.<br>Қар ұшқындарының желмен қалай қозғалғанын бақылау.<br>**Бақылау:**<br>Желдің қар ұшқындарын қалай алып кететінін қарау. | **Серуен картотекасы №10**<br>**Қардан жол салу және күннің әсерін бақылау**<br>**Мақсаты:** Қардың жылулықпен өзгерісін түсіну, балаларды ұжымдық еңбекке баулу.<br>**Еңбек:**<br>Балалар қар күрегімен жол салады.<br>Салынған жолдардың айналасын әдемілеп жинайды.<br>**Эксперимент:**<br>Қардың күн жылуы әсерінен қалай еритінін бақылау.<br>Қар мен мұзды күннің астында қалдырып, олардың өзгерістерін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | астындағы топырақты, өсімдіктерді немесе басқа заттарды зерттейді. **(коммуникативтік, физикалық,әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | болжау. **Нұсқаулық**: "Мұнда қандай іздер бар? Бұл қандай жануардың ізі болуы мүмкін?" **(коммуникативтік, физикалық,әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | әкеліп, оның қалай еріп кететінін бақылау. **(коммуникативтік, физикалық,әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | эксперименттік жұмыс Мүсіндеу дағдысы **(коммуникативтік, физикалық,әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | зерттеу. **Бақылау:** Аспанды бақылап, күннің жарықтығы мен оның қарға әсерін анықтау. **(коммуникативтік, физикалық,әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Баланың үйде аяқ киімін оң, теріс деп үйрету. | Ата-аналар баламен қыс мезгілі туралы әңгімелесуін ұсыну. | Ата-аналарға кеңес: Үйде балалармен үстел-үсті ойындар жиі ойнауға кеңес беру. | Ата-аналарға кеңес: Ұйықтар алдында балаға ертегі оқып беру, әлди-әлди қосып тыңдату. | Ата-аналарға кеңес: Балалардың жетістігі жайлы әңгімелесу. |

**Әдіскер:** ________ Еримова А.С.

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**
**2024-2025 оқу жылы**
**ақпан 2 апта**

**Білім бепу ұймы:**С.Сейфуллин атындығы ЖББМ шағын орталық
**Тобы:** «Ботақан » ортаңғы топ
**Балалардың жасы:**3 жас
***Жоспардың құрулы кезеңі* 10.02.-14.02.2025 жыл**
**Бір тұтас тәрбие бағдарламасы аясында «Жасампаздық және жаңашылдық »** айы
**Апта дәйексөзі: « Шығармашыл бала-ойлы бала »**

| Күн тәртібінің кезеңдері | Дүйсенбі 10.02.2025 | Сейсенбі 11.02.2025 | Сәрсенбі 12.02.2025 | Бейсенбі 13.02.2025 | Жұма 10.02.2025 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңілді муызкамен қарсы алу.Балалардың үйде немен айналысқанын , бүгінгі көңіл күйін сұрау<br><br>Ұлттық құндылықтарды қалыптастыру<br>**ҚР Гимн орындау**<br><br>**«Күй күмбірі» - «Серпер»**<br>**(коммуникативтік, әлеуметтік эмоционалды, шығармашылық физикалық іс әркет)** | Балаға көңіл бөліп, оның үйде немен айналысқа-нын, көңіл-күйін сұрау. Егер бала мазасызданса, оны жұбату, қолдау көрсету<br><br>Ұлттық құндылықтарды қалыптастыру<br>**«Күй күмбірі» - «Серпер»**<br>**(коммуникативтік, әлеуметтік эмоционалды, шығармашылық іс әрекет)**<br><br>балалардың музыканы | Балаға көңіл бөліп, оның үйде немен айналысқанын, көңіл-күйін сұрау. Егер бала мазасызданса, оны жұбату, қолдау көрсету<br><br>Ұлттық құндылықтарды қалыптастыру<br>**«Күй күмбірі» - «Серпер»**<br>**(коммуникативтік, әлеуметтік эмоционалды, шығармашылық физикалық іс әркет)**<br><br>**«Шертпек** » ойыны<br>**(коммуникативтік, әлеуметтік эмоционалды, танымдық іс әрекет)** | Балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Баланың өзімен қатар балалармен байланыс жасауына көмек көрсету.<br><br>Ұлттық құндылықтарды қалыптастыру<br>**«Күй күмбірі» - «Серпер»**<br>**(коммуникативтік, әлеуметтік эмоционалды, шығармашылық іс әрекет)** | Әр баланы күлімсіреп, есімімен атап қарсы алу, Бұл балаға өзін ерекше сезінуге мүмкіндік беру.<br><br>Ұлттық құндылықтарды қалыптастыру<br>**«Күй күмбірі» - «Серпер»**<br>**(коммуникативтік, әлеуметтік эмоционалды, шығармашылық физикалық іс әрекет)**<br><br>**««Сәйкесін тап» ойыны,»** ойыны<br>**(коммуникативтік, әлеуметтік-** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **«Асық ату** » ойыны **(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционал-ды,физикалық іс әрекет)**<br><br>алалардың музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, кадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушы-ықты арттыру | эмоционады қабылдауды, түсінуді, кадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушы -ықты арттыру | балалардың музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, кадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушы-лықты арттыру | балалардың музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, кадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушы -лықты арттыру | **эмоционалды іс әрекет)**<br><br>балалардың музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, кадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушы-лықты арттыру |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқада заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | **Ата-аналармен әңгіме:**<br>**"Балаға кітап оқып берудің пайдасы"**<br>**Мақсаты:**<br>Кітап оқу арқылы баланың ойлау және сөйлеу қабілетін дамыту.<br>Кітап оқу дағдысын қалыптастырудың әдістерін ұсыну.<br>**Талқыланатын мәселелер:**<br>3 жасар балаға арналған кітаптар қандай болуы керек?<br>Кітап оқу кезінде сұрақ қою және оқылған әңгімені талқылау.<br>Баланың сөйлеуін дамыту үшін ертегілер | **Ата-анаға кеңес:**<br>**"Балаға жауапкершілікті қалай үйретуге болады?"**<br>**Мақсаты:**<br>Баланың жасына сай жауапкершілік дағдыларын дамыту.<br>Тапсырмаларды орындауға үйрету.<br>**Талқыланатын мәселелер:**<br>3 жасар бала не істей алады? (Ойыншықтарын жинау, қол жуу, үстелге қасық қою).<br>Баланы мақтау мен марапаттау әдістері.<br>Үйдегі қарапайым ережелер мен күн | **Психологтың кеңесі:**<br>**Кеңес:**<br>**"Мен өзім!" әдісі** –<br>Балаға өздігінен киініп, шешінуге мүмкіндік беру.<br>**"Таңертеңгілік гигиена ойын түрінде"** –<br>Қуыршақтарға қол жуу, тіс тазалау әрекеттерін көрсету. | **Ата-аналармен әңгіме:**<br>**"Баланың шығармашылық қабілетін дамыту"**<br>**Мақсаты:**<br>Баланың сурет салу, жапсыру, мүсіндеу дағдыларын жетілдіру.<br>Көркем шығармашылыққа деген қызығушылығын арттыру.<br>**Талқыланатын мәселелер:**<br>Үйде қарапайым шығармашылық бұрышын жасау.<br>Баланың қиялын дамыту үшін сурет салу, қолөнер жасау. | **Ата –аналармен әңгіме**:<br>**"Баламен сапалы уақыт өткізу жолдары"**<br>**Мақсаты:**<br>Баламен қарым-қатынасты нығайту.<br>Қызықты әрі пайдалы іс-әрекеттерді ұйымдастыру.<br>**Талқыланатын мәселелер:**<br>Отбасылық дәстүрлерді енгізу.<br>Телефон мен теледидардың баланың дамуына әсері |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мен қысқа әңгімелерді қолдану. | тәртібін сақтау. | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, эксперимент, кітаптар қарау және өзіне-өзі қызмет ету, тағы басқа іс-әрекеттер)** | **Дидактикалық ойын:** «Не жетіспейді?» **Мақсаты:** көзбен қабылдау және ойлау қабілетін дамыту. **.(коммуникативтік,шығармашылық ,әлеуметтік-эмоционалдық,іс-әрекет** | **Дидактикалық ойын «Сиқырлы сандық» Мақсаты:** Дыбыстарды анық, асықпай, дұрыс айта білуге үйрету. Сөздерде дыбыстың дұрыс айтылуына назар аударту. **.(коммуникативтік ,әлеуметтік-эмоционалдь іс-әрекет)** | **Дидактикалық ойын:** «Жаңа қуыршақ» **Мақсаты:** Баланы топ бөлмесіндегі заттарды дұры атап, тілдерін , зейіндерін дамыту. **.(коммуникативтік ,әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | **Дидактикалық ойын:** «Ғажайып қоржын» **Мақсаты:** Балаларды заттарды тиісті қасиеттеріне қарай ажырата білуге үйрету **.(коммуникативтік ,әлеуметтік-эмоционалдық іс-әрекет)** | «Мозайка» **Мақсаты:** Балаларға түрлі заттар, геометриялық пішінд құрастыруды үйрету, түстерімен таныстыру балалардың ой-қиялы дамыту. **.(коммуникативтік ,әлеуметтік-эмоционалдық іс-әрекет)** |
| Ертеңгілік жаттығу | **ТАҢҒЫ ГИМНАСТИКА КЕШЕНІ 2( ақпан айына арналған)**<br>**№ 12 /орамалмен, әуенмен/**<br>**Кіріспе бөлімі:**<br>**Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Шеңбер бойымен денені тік ұстап, адымдап жүру. «Үйректің балапаны» - кеудені алға қарай еңкейте отырып жүру. «Түйеқұс» - тізені жоғары көтере жүру.Шеңбер бойымен жай жүру.Шеңбер бойымен тұру /шеңберге тұрарда себеттен бір орамалдан алу/**<br>**Негізгі бөлім:**<br>**Б.қ.: «Көбелек ұшты» Аяқтар алшақ қойылған, орамал бүйірде. басты оңнан – солға, солдан - оңға қарай айналдыру. / рет /**<br>**Б. қ.: «Көңілді орамал» Аяқ иық көлемінде, орамал иықта, иықты артқа –алдыға, төмен –жоғары қозғау. /6 рет қайтал**<br>**Б.қ.: «Ғажайып кемпірқосақ» Аяқтар алшақ қойылған, орамал белде. орамалды оң - сол жаққа қисайту, әр иілген са «ғажайып» деп айту. / 6 рет қайталау./**<br>**Б.қ.: «Шапалақ» Аяқтарын алшақ қою, орамалды жанға созып, жоғары көтеріп алақан-ды соғу. «Шапалақ»- деп айту. рет/**<br>**Б. қ.: «Орамалды ілу» Аяқтарын алшақ қойып, тізе бүгу. Орамал төменде. Орнынан тұрып, орамалды жоғары көтері** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **орамалды ілу қимылын жасау «ілдім» деп айту. /6 рет қайталау./**<br>**Тыныс алу жаттығулары: Шеңбер бойымен тұрып араның дыбысын салу (з-з-з), мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару..Бастапқы қалыпқа келу.**<br>**Қорытынды: Маршпен шеңбер бойы жүру./орамалды себетке салу/ Адымдап жүру. «Достар» - жұптасып жүгіру. .(коммуникативтік,әлеуметтік-эмоционалдық ,физикалық,іс-әрекет)** | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін жетелдіру, тамақтану мәдениетін қалыптастыру.<br>Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке өткізуге дайындық** | **Көшедегі қауіпсіздік**<br>**Мақсаты:** Көшеде серуендеу кезінде балаларды қауіпсіздік ережелеріне үйрету.<br>**Іс-әрекет:**Педагог балаларға ересектерсіз көшеге шықпау керектігін түсіндіреді. Көшеде бейтаныс адамдармен сөйлеспеу туралы айту. Балалармен серуен кезінде жолда қалай жүру керектігі туралы мысалдар келтіру және олардың назарын қауіпті жерлерге аудару.<br>**(коммуникативтік, әлеуметтік эмоционалды,** | **"Достық пен көмек"**<br>**Мақсаты:** Балаларға бір-біріне көмектесудің және достықтың маңыздылығын үйрету.<br>**(коммуникативтік, әлеуметтік эмоционалды, іс әркет)**<br>**«Өнегелі 15 минут»** | **Су қауіпсіздігі**<br>**Мақсаты:** Балаларға суға жақын жерлерде қауіпсіздікті сақтау қажеттілігін түсіндіру.<br>**Іс-әрекет:**Су қоймаларының жанында ересектерсіз ойнамау керектігін түсіндіру. Балалармен судың қауіпті жерлерін көрсету арқылы түсіндіру (мысалы, терең суға бармау).<br>**Құралдар:** Су қоймаларының суреттері, бассейндерде сақтық шараларын түсіндіретін мультфильмдер.<br>**(коммуникативтік, әлеуметтік эмоционалды, іс әрекет)** | **Үнемді пайдалану**<br>**"Киімді күтіп кию" (Киімді ұқыпты қолдануға үйрету)**<br>**Мақсаты:** Балаларға киімді үнемді пайдалану және оны күтіп киюді үйрету.<br>**Құралдар:** Балалардың киімдері (күртеше, жейде, бас киім).<br>**Өткізу барысы:** Балаларға киімдерді үнемдеп, таза киіп жүрудің маңыздылығын түсіндіру. Ойын барысында киімдерді дұрыс кию және оны сақтап, ұқыпты болуды үйренеді.<br>**(коммуникативтік, әлеуметтік** | **Көшедегі қауіпсіздік**<br>**Мақсаты:** Көшеде серуендеу кезінде балаларды қауіпсіздік ережелеріне үйрету.<br>**Іс-әрекет:**Педагог балаларға ересектерсіз көшеге шықпау керектігін түсіндіреді. Көшеде бейтаныс адамдармен сөйлеспеу туралы айту. Балалармен серуен кезінде жолда қалай жүру керектігі туралы мысалдар келтіру және олардың назарын қауіпті жерлерге аудару.<br>**(коммуникативтік, әлеуметтік эмоционалды, іс әрекет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **іс әрекет)** | | | **эмоционалды, іс әрекет)** | |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | **Дене тәрбиесі**<br>**Тақырыбы:**<br>«Сиқырлы дорба»<br>**Мақсаты:**Адамның денсаулығына пайдалы (көгөністер, жемістер, сүт өнімдері және т.б.) және зиянды тағамдар (тәттілер, бәліштер, тәтті газдалған сусындар және т. б.) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру.<br>**Ойын:** «Көлбақалар»<br>**(коммуникативтік ,әлеуметтік-эмоционалдық, физикалық іс-әрекет)** | **Музыка**<br>Педагог жоспары бойынша | **Дене тәрбиесі**<br>**Тақырыбы:**<br>«Әжемнің сыйлықтары»<br>**Мақсаты:**Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. Арбалар, автомобильдер, велосипедтер, доптар, шарлармен өзбетінше ойнауға ынталандыру. Өрмелеу, еңбектеу дағдыларын, ептілікті, жылдамдықты дамыту, қимылдарды мәнерлі орындауға баулу<br>**Ойын:** «Торғайлар мен мысықтар»<br>**(коммуникативтік ,әлеуметтік-эмоционалдық, физикалық іс-әрекет)** | **Қазақ тілі**<br>Педагог жоспары бойынша | **Дене тәрбиесі**<br>**Тақырыбы:**<br>«Секіргіш қоянға қонаққа барамыз»<br>**Мақсаты:** Дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының пайдасы туралы түсінік қалыптастыру<br>**Ойын:** «Допты беріп жіберші»<br>**(коммуникативтік ,әлеуметтік-эмоционалдық, физикалық іс-әрекет)** |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, **(Коммуникативтік ,әлеуметтік-эмоционалдық іс-әрекет)**<br>**«Біз киініп үйренеміз» әңгіме**<br>**Мақсаты:** балалардың тез, өз бетінше және белгілі бір ретпен серуендеу дағдыларын жетілдіру; заттарын шкафта дұрыс орналастыруға үйрету. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
